

Жоба туралы қысқаша ақпарат

Жоба аты	AP19175800 «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік басқару жүйесін реформалаудың тиімділігін талдау». (0123PK00287)
Жоба өзектілігі	Аталған ғылыми-зерттеу жобасы шеңберінде орындаушылар Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік басқаруын реформалаудың тиімділігіне кешенді талдау жүргізуді жоспарлап отыр. Зерттеу жобасын орындау барысында Қазақстан Республикасындағы денсаулық сақтау жүйесін басқару мен оның жұмыс істеуіне талдау жүргізілетін болады, денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік басқаруды модельдеудің табысты шетелдік тәжірибесін зерделеу, шетелдік ерекшеліктер мен қазақстандық ерекшеліктерді ескере отырып, өзінің «ұлттық» мемлекеттік басқару практикасының моделін тұжырымдауға және әзірлеуге мүмкіндік береді.
Жоба мақсаты	<i>Жобаның мақсаты</i> – Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік басқару жүйесін реформалаудың тиімділігіне талдау жүргізу.
Жоба міндеттері	<i>Жобаның мақсаттары:</i> – Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесін басқару мен қызмет етуінің теориялық негіздеріне талдау жасау; – денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік басқаруды модельдеу бойынша шетелдік тәжірибені зерделеу; – Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік басқару реформаларының ағымдағы жағдайын талдау; – Қазақстан Республикасындағы денсаулық сақтау саласындағы реформаларға қатысты халықтың көзқарасына әлеуметтанулық баға беру; – заманауи сыртқы және отандық жағдайларды ескере отырып, денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік басқаруды реформалау тиімділігін арттыру бойынша ғылыми-тәжірибелік ұсыныстар әзірлеу; – оқу процесіне одан әрі енгізу үшін «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік басқару жүйесін реформалау» атты арнайы курсы әзірлеу; – рецензиялаудан өткен және кемінде екі профессор ғылыми атағының және/немесе ғылым докторы ғылыми дәрежесінің иегерлері жариялауға ұсынған кемінде 6 п. л. постдокторанттың үлесі бар кемінде 1 (бір) монография дайындау және басып шығару; – рецензияланған шетелдік және (немесе) БҒСҚК ұсынған отандық басылымдарда 5 (бес) мақаладан және(немесе) шолулардан кем емес жариялау.

Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер	<i>Күтілетін нәтижелер:</i> – Қазақстан Республикасындағы денсаулық сақтау жүйесін басқару мен қызмет етуінің теориялық негіздері талданады; – денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік басқаруды модельдеу бойынша табысты шетелдік тәжірибе зерделенетін болады; – Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік басқару реформаларының ағымдағы жағдайы талданатын болады; – Қазақстан Республикасындағы халықтың денсаулық сақтау реформаларын бағалау үшін әлеуметтанулық зерттеу жүргізілетін болады; – мемлекеттік органдар үшін денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік басқару реформасының тиімділігін арттыру бойынша ғылыми-тәжірибелік ұсынымдар әзірленетін болады; – оқу процесіне одан әрі енгізу үшін «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік басқару жүйесін реформалау» арнайы курсы әзірленетін болады; – рецензиялаудан өткен және кемінде екі профессор ғылыми атағының және/немесе ғылым докторы ғылыми дәрежесінің иегерлері жариялауға ұсынған кемінде 6 п. л. постдокторанттың үлесі бар кемінде 1 (бір) монография дайындалады және басып шығарылады; – рецензияланған шетелдік және (немесе) БҒСҚК ұсынған отандық басылымдарда 5 (бес) мақаладан және(немесе) шолулардан кем емес жарияланады. <i>2023 жылғы қол жеткізілген нәтижелер:</i> 1. Қазақстан Республикасында денсаулық сақтау жүйесін басқару мен жұмыс істеудің теориялық негіздері талданған. Зерттеу барысында Қазақстандағы денсаулық сақтау жүйесінің ұйымдық құрылымы, оның ішінде медициналық көмекті басқаруға және ұсынуға жауапты негізгі институттардың, мекемелер мен құрылымдардың рөлі мен функциялары айқындалды. Қазақстан Республикасындағы денсаулық сақтау жүйесінің бірегей ерекшеліктерін ескеретін басқарудың жаңа теориялық негізделген модельдерін әзірлеу мақсатында денсаулық сақтауды басқарудың әртүрлі теориялық тұжырымдамалары, модельдері мен тәсілдері зерделенді. 2. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік басқаруды модельдеудің табысты шетелдік тәжірибесі зерделенді. Осы зерттеуді жүргізу барысында денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік басқару жүйесіндегі дамыған елдердің тәжірибесі талданды, Денсаулық сақтау жүйесін басқару кезінде елдердің алдында тұрған негізгі сын-қатерлер мен проблемалар
---	--

	қаралды. Экономикалық және саяси ерекшеліктерін, халықтың қажеттіліктерін ескере отырып, Қазақстан Республикасында бейімделуге және интеграциялауға болатын негізгі тәсілдер мен шешімдер зерделенді. <i>2024 жылғы қол жеткізілген нәтижелер:</i> 1. Ұлттық ғылыми кеңес докторлық диссертацияны қорғау мерзімдерін түзету туралы өтінішті қарастырды. Ұсынылған өтініштің негізі Scopus дерекқорында индекстелетін рецензияланатын халықаралық басылымда ғылыми мақаланы жариялау процесін аяқтаумен байланысты ғылыми-зерттеу сипатындағы объективті жағдайлар болды. Ұлттық ғылыми кеңестің отырысында (2024 жылғы 15-31 шілде №3 хаттамасы, №2 үзінді) докторлық диссертацияны қорғауды бастапқыда жоспарланған кезеңнен (2024 жылғы қаңтар-мамыр) жаңа уақыт аралығына – 2025 жылғы шілде-15 қараша аралығына ауыстыруға келісілді. 2. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік басқару реформаларының ағымдағы жағдайы талданды. Денсаулық сақтауды басқару жүйесіндегі құрылымдық өзгерістер зерттелді. Денсаулық сақтау саласындағы негізгі бағыттар мен үрдістерді анықтау үшін 2020 жылдан 2023 жылға дейін (1 тоқсан) деректердің салыстырмалы талдауы жүргізілді. Халықтың пікірлері мен күтулерін ескере отырып, Қазақстан Республикасында денсаулық сақтау жүйесін одан әрі дамыту үшін ұсынымдар әзірленді және ұсынылды. 3. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы реформаларды халықтың қабылдауын зерттеу үшін Google Forms бағдарламалық қамтамасыз етуін пайдалана отырып социологиялық сауалнама жүргізілді. Зерттеу барысында елдің әртүрлі өңірлерінде тұратын 395 қазақстандық азамат сауалнамаға қатысты. Сауалнама нәтижелері халықтың медициналық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін бағалайтын негізгі аспектілерді анықтауға мүмкіндік берді. Респонденттер жүргізіліп жатқан реформалардың тиімділігі туралы пікірлерін білдіріп, олардың оң және теріс жақтарын атап өтті. <i>2025 жылға күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер:</i> 1. Мемлекеттік органдар үшін денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік басқаруды реформалау тиімділігін арттыру жөніндегі ғылыми-практикалық ұсынымдар әзірленді: – Медициналық мекемелердің нәтижеге бағдарланған қаржыландыруын енгізу. Сметалық қаржыландырудан медициналық көмек сапасы мен науқастардың қанағаттануы көрсеткіштеріне медициналық мекемелердің бюджетінің бір бөлігі
--	---

	байланысты болатын нәтиже үшін төлем моделіне көшу ұсынылады. Анық тиімділік индикаторларын белгілеу қажет: профильді ауруларға байланысты өлім-жітімді азайту, емдеу мерзімдерін қысқарту, табысты нәтижелердің пайызын арттыру. Мұндай тәсіл медициналық ұйымдарды қызмет сапасын арттыруға және ресурстарды ұтымды пайдалануға ынталандырады. – Медициналық кадрлардың үздіксіз кәсіби дамуы жүйесін дамыту. Заманауи оқыту технологияларын, соның ішінде симуляциялық орталықтар мен қашықтықтан білім беру платформаларын пайдалана отырып, медицина қызметкерлерінің тұрақты біліктілігін арттырудың міндетті жүйесін құру қажет. 3-5 жыл сайын құзыреттіліктерді мерзімді түрде растаумен кәсіби сертификаттау жүйесін енгізу ұсынылады. Бұл медицина қызметкерлерінің білімі мен дағдыларының заманауи медицина стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз етеді және халыққа көрсетілетін көмек сапасын жақсартады. 2. «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік басқару жүйесін реформалау» арнайы курсы оны оқу үдерісіне одан әрі енгізу үшін әзірленеді. 3. Постдокторанттың үлесі кемінде 6 баспа табақты құрайтын, рецензиядан өткен және профессор ғылыми атағының және/немесе ғылым докторы ғылыми дәрежесінің кемінде екі иесі жариялауға ұсынған кемінде 1 (бір) монография дайындалып, жарияланады.
Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні, идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, бар болса) және сәйкес профильдерге сілтемелер	1. Жарлыгасинов Талгат Мейрканович, постдокторант, ORCID – https://orcid.org/0000-0002-1478-6505. 2. Купешова Сауле Телеухановна, экономика ғылымдарының кандидаты, Индекс Хирша – 2, Scopus author ID: 57203642899, ORCID – https://orcid.org/0000-0002-0209-9804
Жарияланымдар тізімі (URL, DOI көрсетілген)	1. Жарлыгасинов Т.М., Купешова С.Т., Нурымова С.К. Теоретические основы управления и функционирования системы здравоохранения в Республике Казахстан // "Вестник университета «Туран». – 2023. – №4(100). – С.83-95. https://doi.org/10.46914/1562-2959-2023-1-4-83-95 2. Жарлыгасинов Т.М., Купешова С.Т., Акимов Ж.М. Анализ системы государственного управления в сфере здравоохранения: зарубежный опыт и практика Казахстана // Вестник КазУЭФимТ. – 2024. – №1 (54). – С. 84-92. DOI 10.52260/2304-7216.2024.1(54).11 3. Ванхемпинг Э., Жарлыгасинов Т. Ретроспективный анализ стратегических трансформаций в системе казахстанского

	здравоохранения // Статистика, учет и аудит. – 2024. – №1(92), 68-77. https://doi.org/10.51579/1563-2415.2024.-1.05 4. Zharlygassinov T.M., Kupeshova S.T., Tazhyeva S.K., Barkhudarov M. Analysis of the current state and diagnosis of key problems of public administration in the healthcare sector in the Republic of Kazakhstan // The Journal of Economic Research & Business Administration. – 2024. – №3 (149). – P.120-135. https://doi.org/10.26577/be.2024-149-i3-09
Патент туралы ақпарат	-